

**"Желі, штаттар, контингенттер туралы мәліметтерді жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 108 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 888 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 қарашада № 17685 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Желі, штаттар, контингенттер туралы мәліметтерді жасау жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 108 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10498 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 1 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Желі, штаттар, контингенттер туралы мәліметтерді жасау жөніндегі нұсқаулықта (бұдан әрі - Нұсқаулық):

18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органы жоспарлы көрсеткіштерді алдын ала тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісе отырып, 2-нысан бойынша аудан (облыстық мәні бар қала) бюджеті бойынша мәліметтерді жасайды және есепіден кейінгі жылдың 15 наурызына дейін оларды облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) жергілікті уәкілетті органына ұсынады.

19. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстық бюджеттен (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың бюджетінен) қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жиынтық мәліметтері, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінің мәліметтері негізінде облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) бюджеті бойынша 2-нысанды жасайды және есепіден кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін электронды түрде және қағаз тасығышта бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.";

Нұсқаулықтың 2-қосымшасы осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Қаржы министрі*

*Ә. Смайылов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің төрағасы

\_\_\_\_\_ Н. Айдапкелов

2018 жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2018 жылғы 5 қазандағы

№ 888 бұйрығына

қосымша

Желі, штаттар, контингенттер

туралы мәліметтерді жасау

жөніндегі нұсқаулыққа

2-қосымша

2-нысан

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан 20\_\_\_\_ жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша \_\_\_\_\_**

**\_\_\_\_\_ тиісті бюджеттің / бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің желісі, штаттары, контингенттері туралы жиынтық мәліметтер**

Индекс: 2-ЖЖШК нысаны

Мерзімділігі: жылсайын

Ұсынылу мерзімі: есептіден кейінгі жылдың 1 наурызына дейін  
 Білдіретін тұлғалар тобы: республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі  
 Қайда ұсынылады: бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті

органға

Ұсынылу мерзімі: есептіден кейінгі жылдың 1 наурызына дейін

Білдіретін тұлғалар тобы: жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі \_\_\_\_\_

Қайда ұсынылады: тиісті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға

Ұсынылу мерзімі: есептіден кейінгі жылдың 15 наурызына дейін

Білдіретін тұлғалар тобы: ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару

жөніндегі уәкілетті органы \_\_\_\_\_

Қайда ұсынылады: облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) жергілікті уәкілетті органына

Ұсынылу мерзімі: есептіден кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін

Білдіретін тұлғалар тобы: бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган \_\_\_\_\_

Қайда ұсынылады: бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға

Функциональдық топ	Әкімші	Бағдарлама	Кіші бағдарлама	Код			Сандық көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	20 ____ жылға жоспар		Іс жүзі жылды басына
				Түрі	Тобы	Көрсеткіші			жылдың басына	жылдың аяғына	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің/  
 бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, болған кездегі - әкесінің аты), лауазымы))

Қаржы қызметінің \_\_\_\_\_

басшысы (тегі, аты, болған кездегі - әкесінің аты), лауазымы))

Мөр орны